bilimger.kz
Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:* ***KZ45VPY00102718***
2020

**БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА**

# М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 26.05.2020 | https://bilimger.kz/75493/ |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ:<br>«Адамгершілікасылқасиет» | Мектеп: К.Тоқаев атындағы орта мектеп<br>Пән мұғалімі: Досбаева Адемы Ахметовна | |
| СЫНЫП: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы | М.Қабанбай **«Бауыр» әңгімесі** | |
| Сабақ негізделген оқу мақсаты(мақсаттары) | А/И5.2.2.1. Эпикалықшығармадағы автор бейнесінанықтау | |
| Сабақ мақсаттары | **«Бауыр» әңгімесі**бойынша кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы автор бейнесін анықтайды | |
| Бағалау критерийі | Шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекетін анықтайды<br><br>Әрекет пен портрет негізінде кейіпкердің образына талдаужасайды<br>Кейіпкерлер іс-әрекеті арқылы автор бейнесін анықтайды | |
| Құндылықтар | Зайырлы қоғам және жоғары руханият | |
| Пәнаралық байланыс | Қазақ тілі, тарих | |
| Алдыңғы оқу | Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейтқұл» әңгімесіндегі кейіпкерлер іс-әрекетін анықтауда ментальді карта арқылы дәлелдер келтіре алу дағдылары қалыптасқан. | |
| Жоспар | | |
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығулар(төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз) | Ресурстар |
| Басталуы<br>15.00-15.02<br>2 мин<br><br>15.02-15.08<br>6 мин<br><br><br><br><br><br><br>15.08-15.13<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>15.13-15.15<br>2 мин | **«Көшедегі серуен» әдісі** арқылы психологиялық ахуал орнату. Еркін қозғалыс арқылы бір-біріне тілектер тілейді.<br>**Үй тапсырмасын** тексеру мақсатында **«Ішкі және сыртқы ауқым» әдісі** арқылы СТО-ды дамытуға бағытталған 5 жолды өлеңдерін оқу. Екі шеңберге тұрып, бір-біріне үй тапсырмаларын ұсынады.<br><br>ҚБ. **«Сыныптастар пікірі»** әдісі арқылы<br><br>Сабақ тақырыбын болжауда **«Артығын алып таста» әдісіне** сүйене отырып, тақтадағы суреттерді ортақ тақырыпқа сай іріктейді, артығын алып тастайды.<br>Мақсатты анықтауға түрткі сұрақтар қойылады.<br>-суретте кімдер бейнеленген?<br>-олардың іс-әрекеті қалай жүзеге асуда?<br>«Соло, дует, трио» әдісі бойынша 2 оқушыдан «Бауырым» әнін орындау арқылы жұптасады. | **https://youtu.be/hMyh1AQZp5Y**<br><br><br><br><br>https://yandex.kz/images/search?text=М.Қабанбай%20бауыр%20әңгімесі%20бойынша%20суреттер&stype=image&lr=10303&source=wiz<br><br><br>**https://youtu.be/m50B2gLDV9I** |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы.<br>15.15-15.22<br>7 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>15.22-15.30<br>8 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>15.30-15.35<br>5мин | **Жұптық жұмыс.**<br>**1-тапсырма. «Қабырғадағы рөл» әдісі** арқылы әңгімеге қатысты берілген сурет бойынша кейіпкерді анықтап, портретін сипаттап постерге салыңыз. «Кейіпкерді неге бұлай сипаттадыңыз?» деген сұраққа жауап беріп, постерді қабырғаға іліңіздер.<br>**Дескриптор:**<br>-берілген сурет қай кейіпкерге қатысты екенін анықтайды;<br>-портретін сипаттайды;<br><br>**ҚБ.**<br>**«Неге? Неге? Неге?» әдісі** арқылы алғашқы оқушы осы тапсырмада не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «Неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады.<br><br>**2-тапсырма.**<br>**«Детектив» әдісімен** әңгіме желісі бойынша берілген суреттегі кейіпкер әрекетіне шығармадан дәлел келтіріңіз. Кейіпкердің іс-әрекеті негізінде оның образын 2 сөйлеммен талдап, кестеге толтырыңыз.<br><br>**Кейіпкер** \| **Іс-әрекеті** \| **Көзқарас** (бос кесте)<br><br>**Дескриптор:**<br><br>-шығармадан дәлел келтіреді;<br>-кейіпкерлердің образын іс-әректтері арқылы талдайды.<br><br>(**қабілеті жоғары оқушыға сараланған тапсырма:** оқушыларға bilimland.kz сайтындағы «Бауыр» әңгісі бойынша құрылған тест тапсырмаларын орындайды.)<br><br>ҚБ. **«ҚҚҚ» әдісі**арқылы жұптық жұмыста қай қадамды орындау қызықты, қиын, құнды болғанын жариялау арқылы әр жұп өздерін бағалайды.<br><br>**Жеке жұмыс.**<br>**3-тапсырма.** Шағын топтарда 1 оқушы автор рөліне енеді. Топтағы басқа оқушылар сұрақ қояды.<br>**Мысалы,**<br>-Сіз автор ретінде осы шығарманы неліктен осылай бастадыңыз?<br>-Егер сіз автор болсаңыз осы шығарманы қалай аяқтар едіңіз?<br>**Ескерту:**Оқырмандарға да сұрақ қоюға болады.<br>Мысалы,<br>-Менің әңгімемнің аяқталуы сізге қалай әсер етті?<br><br>**Ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларға сараланған тапсырма:**<br>түрткі сұрақтар:<br>— «Бауыр» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?<br>— Шығарманың аяқталуы сізге қалай әсер етті? | **https://bilimainasy.kz**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**https://bilimainasy.kz**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Ментальді карта сызбасы**<br><br><br><br><br><br><br><br>**https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/7-synyp/lesson/marat-qabanbaev-bauyr-anggimesi** |
| Аяқталуы<br>15.35-15.40<br>5 мин | Рефлексия<br>ҚБ. **«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі** арқылы бір-бірінің мықты және әлсіз тұстарын бағалайды.<br>«ПОПС» формуласы арқылы оқушылар сабақта алған ақпаратқа байланысты ұсынылған сөйлемдерді аяқтайды.<br>1. Көзқарас. «Мен ………… деп санаймын.»<br>2. Түсініктемесі. «Өйткені ………….»<br>3. Мысалдары. «Мен оны мына мысалдар арқылы дәлелдей аламын: ………….»<br>4. Салдары. «Осыдан мен келесі қорытындыға келдім: ………………….» | Мұғалімге көмек, 43-бет |

Кейіпкер тапсырмасының кестесі:

| Кейіпкер | Іс-әрекеті | Көзқарас |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

Қосымша ақпарат: интернет желісі бойынша жазушының басқа да туындыларымен танысу.

| Саралау– Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау- Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс |
|---|---|---|
| **Қабілеті жоғары оқушыға сараланған тапсырма:** bilimland.kz сайтындағы «Бауыр» әңгісі бойынша құрылған тест тапсырмаларын орындайды.<br>**Ерекше қолдауды қажет ететін оқушыларға сараланған тапсырма:**<br>түрткі сұрақтар:<br>— «Бауыр» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіз?<br>— Шығарманың аяқталуы сізге қалай әсер етті? | «Сыныптастар пікірі» әдісі, «Неге? Неге? Неге?» әдісі, «ҚҚҚ» әдісі, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі,Рефлексия «ПОПС» формуласы арқылы бағаланады. | **https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/7-synyp/lesson/marat-qabanbaev-bauyr-anggimesi**<br><br>**https://youtu.be/m50B2gLDV9I** |

## Анкета

**Аты-жөні**Досбаева Адемы Ахметовна

**Облыс** Алматы

**Аудан** Қаратал

**Қала** Үштөбе

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

**Мектеп** Кемел Тоқаев атындағы орта мектеп

**Лауазым** қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі

**Тақырып** М.Қабанбай «Бауыр» әңгімесі

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.